

Оқу мәтіндерінің түрлері және оларды меңгерту тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері

Аңдатпа. Мақалада оқылымға арналған мәтіндерді білім алушылардың деңгейіне қарай іріктеу мәселесі сөз болады. Оқу материалдарын тек мәтін түрінде ғана емес, диалог, кесте, сызба, диаграммалар формасында беру мүмкіндіктері және өлең нұсқасында ұсыну жайы талқыланады. Көлемді мәтіндерге тапсырма әзірлеу үшін оларды абзацқа бөліп қарастырудың маңыздылығына мән беріледі. Мәтінге қойылатын сұрақтардың бірнеше түрі ұсынылып, оларды оқитын орта мен білім алушылардың тілдік деңгейіне қарай топтастыру қарастырылады. Оқу материалдарына арналған тапсырмалардың қарапайым сұрақ түрлері мен тест тапсырмалары, сондай-ақ, синквейн әдісі тіл табиғилығын сақтау және оқушыларды қызықтыру мақсатында сараланады.

Түйін сөздер: мәтін оқу, оқылым, тапсырма түрлері, тест, синквейн әдісі, әзірлеу, тілдік деңгей, диалог, өлең, графика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-103-108>

Түсті: 01.11.20 / Қайта түзетілді: 27.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Кіріспе. Оқылым – қарым-қатынасты өз алдына жазбаша формада қамтамасыз ететін сөйлеу қызметінің бір түрі. Оқу графикалық белгілермен кодталған ақпаратты қабылдап-түсінуге байланысты болғандықтан, сөйлеу қызметінің рецептивті қабылдау түріне жатады.

Мақсаты мен міндеттері. Білім алушылардың тілдік білім деңгейін айқындау кезінде оқудың келесі түрлері жүзеге асырылады:

- аналитикалық;
- зерттеулік;
- шолып қарайтын;
- ізденіске негізделген;
- танымдық.

Мәтіндерді оқу арқылы тіл дағдылары қалыптасады. Алайда жұмыс мәтінді оқытып, ақпарат беріп қалдырумен ғана шектелмеуі тиіс. Оқытушы тарапынан оқылым көмегімен тіл құбылысын, табиғатын, көркемдігін аша түсетін тапсырмалар ұсынып отыру күнделік-

ті міндет қатарына кіреді. Ол міндеттер «Оқу барысында тіл үйренуші негізгі ойды түсінді ме, жоқ па? Мәтін тіл үйретуге қатысты мақсаттарға қол жеткізді ме, жоқ па? Немесе оқылым тіл мүддесін атқарды ма, жоқ па?» секілді сауалдарға жауап беруі керек. Оған талап дәрежесінде қол жеткізу үшін мәтінге сұрақтар қойылады немесе тест тапсырмалары құрастырылып, сынақ тапсырушының білімі анықталады. Бұл тәсіл тіл сабақтары барысында жүзеге асырылады.

Шет тілдері ішінен ағылшын тілі әдістемесіне келсек, мәтін мазмұнын қаншалықты түсінгенін зерттеуге төмендегідей тапсырмалар беріледі: **skimming** (мәтіннің негізгі тақырыбы мен идеясын анықтау); **scanning** (мәтіннен нақты ақпаратты іздеп, табу); **reading for detail** (мәтінді мазмұны деңгейінде ғана емес, мәні деңгейінде жіті түсіну).

Тақырыптың өзектілігі. Тапсырма қарапайым сұрақ түрінде беріліп, тест форма-

сында ұсынылғанда, студенттің сөздік қоры мен тілдік деңгейін ескерген жөн. Мысалы, бұл талап қазақ тілін шет тілі ретінде оқытындар арасында немесе негізгі тілі басқа тіл саналған ортада аса қажет. Шетелде туып-өскен азаматтар үшін берілетін оқу материалы мен мектепте өзге ұлт тілінде оқыған Қазақстан азаматтары үшін оқылым материалдары арнайы іріктелгені дұрыс. Оларды А1, А2, В1, В2 деп бөлеміз.

Тіл үйренушілер мәтінді оқымас бұрын олардың лексикалық минимумы бойынша жаңа сөздерге тоқталып барып, материалды назарларына ұсынамыз. Бастапқы деңгей үшін мәтін көлемі 4-5 сөйлемнен аспағаны абзал. Мәтін орнына кесте, сызба мен диаграммалар беру қызықты әрі ұғынықты. Төменде алдымен кесте ұсынып, тапсырмаға қарайық.

Нұр-Сұлтан – Алматы		
Көлік түрі	Жүру ұзақтығы	Билет бағасы
Ұшақ	1 сағ. 45 мин.	25 000 теңге
Пойыз	12 сағ. 30 мин.	13 000 теңге
Автобус	16 сағ. 40 мин.	4000 теңге

Студенттің білімін тексеру үшін бұл кестеге мынадай тапсырмалар құрастыруға болады:

1-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз:
Нұр-Сұлтан мен Алматы аралығында жүреді.

- A) тікұшақ ұшады
- B) билет бағасы
- C) жүру ұзақтығы
- D) пойыз, автобус

2-тапсырма. Мәтінде бар ақпаратты табыңыз.

- A) Ұшақ билеті арзан
- B) Пойыз сағат он екіде келеді
- C) Автобус қымбат тұрады
- D) Пойыз он екі сағаттан аса жүреді

3-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз: Қай көліктің билеті қымбат?

- A) 3 көліктің
- B) пойыздың
- C) автобустың
- D) ұшақтың

Дұрыс жауаптары – D нұсқасы. Бұл жоғарыда аталған оқу түрлерінің ішіндегі **шолып қарап** орындалатын тапсырмаға жатады.

Мәселенің зерттелуі мен талқылануы. Енді **ізденіске негізделген** тапсырмаларға мысал келтірейік. Филология ғылымдарының докторы, ағылшын тілі профессоры Таңат Аяпова төрт деңгейлік оқу құралында оқылым соңынан аталған тапсырмаларды жеткілікті деңгейде беріп отырады. Ол Абылай хан туралы мәтінге «а) Абылай хан түсін Бұхарға айтады; ә) Абылай түсінде өліп жатады; ... в) Қасымның баласы, немересі Абылай ханды қанжар ұстап қорғап тұрады; ... л) Бұхар Абылайдың ұрпағы туралы ештеңе айтпайды» тұрпатындағы сөйлемдерді бере отырып, «Шын немесе жалған? Айтыңыз» деген сауал қояды [1, 242 б.]. Ақпараттың дұрыс-бұрыс-

стығына көз жеткізу үшін білім алушы оқу материалындағы сәйкес келетін нұсқаны іздері сөзсіз.

Осындай тәртіппен орындалған тапсырмаға қарап, жауап берушінің білімін бағалай аламыз. Тест тапсырушы немесе тапсырма орындаушыға қойылатын сұрақтар да қысқа, әрі түсінікті болуы тиіс. Олардың уақыты шұбалаңқы сөйлемдердегі белгісіз сөздерді аударуға не ойын жинақтап отыруға кетпегені жөн. Сұрақ тілге қатысты болса да, аналитикалық ойға арналса да, айқындылыққа негізделуі керек. Әсіресе, тіл білімін тексеруге берілетін тапсырмалар мен **аналитикалық ой** айналасында қойылатын сұрақтардың аражігі анық болуын қадағалау қажет. Егер сұрақ мақсаты түсініксіз болса, орындаушының да жауабы екіұшты шығуы ықтимал. Осы турасында тест тапсырмаларын әзірлеу ережесін ұсынушылар былай ескертеді: «Жауап нұсқаларының арасындағы айырмашылықтардың дәл екендігіне көз жеткізіңіз. Олар бір-біріне неғұрлым

ұқсас келсе, дұрыс жауапты табу соғұрлым қиындық туғызады. Олардың арасындағы айырмашылық нақты болмаған кезде тестіленуші дұрыс жауапты біле тұра оқыған мәтінге емес, шындыққа келетін нұсқаны таңдап кетеді» [2, 14 б.]. Бұл жерде автор сұрақтың өмір ағынына қарай емес, мәтін шеңберінде қойылуын өтінеді.

A1 деңгейінде мәтін көлемі мен түріне қарай басқа да сұрақтар әзірлеуге болады. Мысалы:

Сөйлемге қажеті жоқ (артық) сөзді табыңыз.

Мәтінге қарап кестені дұрыс толтырыңыз.

Мәтінде жоқ ақпаратты анықтаңыз т.б.

Мәтін мазмұнына қатысты бұл сұрақтар барлық тілге тән және белсенді қолданыста деп айта аламыз. Келесі мысалдағы сұрақтар неміс тілі оқылымы үшін көп қойылады: «*Welcher Satz entspricht dem Inhalt des Textes? Welcher Satz ist richtig? Welcher Satz entspricht dem Inhalt des Textes nicht? Welcher Satz ist falsch?*» [3]. Қазақ тіліне тәржімаласақ, тапсырма төмендегі мазмұнда түзіледі:

– Қай сөйлем мәтін мазмұнына сәйкес келмейді?

– Қай сөйлем дұрыс?

– Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін сөйлемді атаңыз.

– Қай сөйлем дұрыс емес?

Жоғарыдағы тапсырмалар мазмұнына қарай оқылымның зерттеуді талап ететін түріне жататындығын аңғарамыз.

B1 деңгейі үшін мысал келтіретін болсақ, төмендегі сұрақтар тиімді келеді.

– *Мәтін мазмұнын ашатын аннотацияны белгілеңіз.*

– *Мәтін мазмұнының ретіне қарай құрастырылған жоспарды табыңыз.*

– *Мәтіннің негізгі идеясы қандай?*

A1, A2 деңгейінде қысқа сөйлемдерге қоса кестелер мен диалогтар беретін болсақ, B1 деңгейінде олардың көлемі ұлғайтылып мазмұнын қорытындылауға бағытталған тапсырмалар әзірленеді. Аннотацияны мәтінге де, ғылыми мақалаға да, көркем шығармаға да беруге болады. Ол мәтіннің сығымдалған мазмұнын білдіретінін ескерсек, бұл термин қай деңгейге болсын таныс, әрі ұтымды сұрақ саналады. Осы сауал арқылы оқылған материал мазмұнын қалай қабылдағанын анықтауға

болады. Аннотациямен байланысты тапсырмаларды магистратура бөлімінде оқушылар үшін көбірек қолдануға болады. Олардың дені B2 деңгейін құрайды. Бұл деңгейге жоғарыдағы сұрақтарға қосымша ғылыми, көркем шығармалардың мазмұнын ашатын тапсырмалар әзірлеу маңызды. Мысалы:

– *Оқиганың шарықтау шегін (кульминациясын) айқындаңыз.*

– *Сөйлемді абзацтан алып тастағанда, оның мағынасы өзгермейтін нұсқаны табыңыз (абзацтағы артық сөйлем).*

– 1- (2,3) абзацтың мазмұнын ашыңыз.

Қазақ тілінде «азатжол» сөзін диктант жазуда қолданамыз. Енді «азатжол» сөйлемнің басталуын білдіретін болғандықтан онымен қатар қолданыста жүрген «абзац» сөзіне түсініктеме беріп кетейік. Неміс тілінің белгілі маманы Мәрия Тәттібаева «Қазақша-немісше» сөздігінде «Absatz» сөзіндегі приставкаға қоса терминнің жалпы мағынасына тоқталып: «... 2) алыстау, қашықтау; 7) бір нәрсенің аяқталуын, соңын көрсетеді» [4, 9 б.] деп, абзацтың жаңа жолдың басталуын ғана емес, сонымен бірге, бір ойдың немесе идеяның аяқталуын білдіретінін айтады. Ал танымал лингвист, Беларусь Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Александр Булыко оның ағылшын тіліндегі мағынасын былай түсіндіреді: «Параграф (лат. paragraphus, от греч. par`agraphos) – часть текста внутри главы, раздела, книги, статьи, имеющая самостоятельное значение, обычно отмечаемая знаком §, а также сам этот знак» [5, 505 б.]. Абзацпен жұмыс істеу оқытушы үшін тапсырма әзірлеуге қолайлы болса, орындаушы үшін де көлемді мәтіннен жауап іздеп отырмай, мезеген тұсты қарай салуға ыңғайлы. Абзацта белгілі бір идея немесе нақты бір оқиға баяндалады. Сондықтан сұрақ қою мен жауап беру қиындық туғызбайды.

Қай деңгейде болсын, оқылым арқылы мәтіндегі негізгі сөздер мен жеткіліксіз сөздер қатарын тапқызуға немесе артық сөзді анықтауға, белгілі бір сөз тіркесі немесе сөзге мағыналас нұсқа мен қарсы мәнді білдіретін жауабын таңдауға бағытталған тапсырмалар ұсынуға болады. Талданған тапсырмалар мақала басында айтылған шет тіліндегі *skimming* (мәтін-

нің негізгі тақырыбы мен идеясын анықтау); scanning (мәтіннен нақты ақпаратты іздеп, табу); reading for detail (мәтінді мазмұны деңгейінде ғана емес, мәні деңгейінде жіті түсіну) талаптарын да орындайды.

Материалдар мәтін, кесте және диалогтармен шектеліп қоймай, өлең түрінде, ғылыми мақала формасында келтірілуі әбден мүмкін. Мәселен, PISA (Programme for International Student Assessment – Оқушылардың білім деңгейін бақылау жөніндегі халықаралық бағдарлама) даярлаған «Задачи на грамотность чтения» атты еңбекте ғылыми мақалалар мен терминдерге қатысты тапсырмалар төмендегі қалыпта әзірленген:

«Задание 1. Слово плагиат заимствовано европейскими языками, в том числе и русским языком, из латыни. Что обозначало это слово в латинском языке?

- A. Литературная кража.
- B. Похищение.
- C. Использование чужого текста.
- D. Этический проступок» [6, 80 б.].

Өлең (ұлттық көркем шығарма жанры) оқылым материалына енгізген тапсырмалар әзірлеуге қолайлы, әрі танымдық тұрғыдан білім алушының шығармашылық қасиетін дамытады. Қазақтың генетикалық коды – өлең. Абай, Мағжан, Мұқағали өлеңдерін оқу бағдарламасына енгізу тілдің көркемдігін, табиғилығы мен тазалығын көрсетеді, әрі оқушыны қызықтырады. Мәтіндерді абзацқа бөлетін болсақ, өлеңдерді шумақтарға жіктеп мазмұнын ашамыз. Өлеңге қызығушылығын арттыру мақсатында синквейн әдісін қолдануға болады. Синквейн сынақтан өтушінің шығармашылығын өлең арқылы айқындауға, әрі тілге қатысты білімін анықтауға бағытталған сұрақтарды қамтиды. Бұл әдісті жазылымға да, оқылымға да пайдалану ұтымды. Ол бес жолдан тұрады:

1-жол. ЗАТ ЕСІМ, саны - 1. Синквейннің басты тақырыбын көрсетеді.

2-жол. СЫН ЕСІМДЕР, саны - 2. Негізгі ойды білдіреді.

3-жол. ЕПІСТІКТЕР, саны - 3. Тақырыпқа қатысты әрекеттерді сипаттайды.

4-жол. Белгілі бір ойды не тақырыпты ашатын фраза ұсынылады.

5-жол. ЗАТ ЕСІМ қорытынды ретінде беріліп, бірінші сөзбен үйлесуі тиіс.

Жоғарыдағы тәртіппен орындалған орыс тіліндегі синквейнді мысал ретінде көрсетейік:

- «1. Жизнь.
- 2. Активная, бурная.
- 3. Воспитывает, развивает, учит.
- 4. Дает возможность реализовать себя.
- 5. Искусство» [7].

Қазақ тілі сабағында аталған әдіспен білім алушылардың танымын кеңейту үшін Міржақып Дулатұлының өлеңін тапсырма ретінде беріп көрейік. Студенттерге зат есім үшін, алдымен, «Алаш» сөзі, ал оған соңында үйлесетін қорытынды сөзге «Қазақ» ұсынылды. Тапсырманы орындаушылардың дені екінші, үшінші және төртінші жолдарға мағыналас сөздер қойып шықты. Іріктеу барысында синквейн нәтижесі төмендегідей болды:

- 1. Алаш
- 2. Табанды, білімді
- 3. Аңсайды, үйретеді, алға тартады
- 4. Елдікке жол көрсетеді
- 5. Қазақ

Тапсырма орындалып болған соң түпнұсқа көрсетілді:

«Алыстан «Алаш» десе, аттанамын.
Қазақтың, «Қазақ» десе мақтанамын.
Болғанда әкем - қазақ, шешем - қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?!».

Біріншіден, өлеңді оқыған студенттер екі міндетті жүзеге асырды. Тақырыпты ашты, сөздік қорларын байытты, тарихқа үңілді. Екіншіден, қазақ ақынының арманын өлеңмен қабылдап, ой түйді. Мұндай жұмыстар тіл үйренушіні **танымдық** ақпаратпен байытып, ұлттық әдебиет пен мәдениетті лайықты түсінуіне ықпал етеді.

Қорыта келе айтарымыз, тіл үйрету әдістемесінде оқылым дағдысын жетілдіру мәтіндерді мазмұнымен бірге оларды дұрыс іріктеуге, түрлендіруге, сондай-ақ лайықты тапсырмалар әзірлеуге тікелей қатысты. Бұл әрекеттер білім алушылардың тілді білу деңгейін қажетті дәрежеге көтеріп, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Аяпова Т. Қазақ тілі (A1, A2, B1, B2). Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 2013. - 384 б.
2. Правила составления тестовых заданий. [Электрон. ресурс] – URL: <https://cutt.ly/RhjQjQH> (Дата обращения: 02.11.2020)
3. Тест по чтению (немецкий язык) [Электрон. ресурс] – URL: <https://cutt.ly/2hjMpQJ> (Дата обращения: 02.11.2020)
4. Тәттібаева М. Немісше-қазақша сөздік. - Алматы: Мектеп, 1977. - 639 б.
5. Булыко А.Н. Современный словарь иностранных слов. - Москва: Мартин, 2006. - 848 с.
6. Задачи на грамотность чтения [Электрон. ресурс] – URL: <https://cutt.ly/yhjQcvC> (Дата обращения: 02.11.2020)
7. Составление синквейна с примерами. [Электрон. ресурс] – URL: <http://lewe.ru/sostavlenie-sinkvejna-s-primerami/> (Дата обращения: 02.11.2020)

References

1. Ayapova T. Kazakh tili (A1, A2, B1, B2). [Kazakh language] Oqu kuraly [Textbook] (Almaty, Ana tili, 2013, 384 p.). [in Kazakh]
2. Pravila sostavleniya testovyh zadaniy [Rules of drawing up of test tasks] [Electronic resource] Available at: <https://cutt.ly/RhjQjQH> (Accessed: 02.11.2020). [in Russian]
3. Test po chteniю (nemetckii yazyk) [Salford reading test (German language)] [Electronic resource] Available at: <https://cutt.ly/2hjMpQJ> (Accessed: 02.11.2020). [in Russian]
4. Tattibayeva M. Nemishe-kazaksha sozdik [German-Kazakh dictionary] (Almaty, Mektep, 1977, 639 p.). [in Kazakh]
5. Bulyko A.N. Sovremenni slovar inostrannyh slov [Modern dictionary of foreign words] (Moscow, Martin, 2006, 848 p.). [in Russian]
6. Zadachi na gramotnost chteniya [Reading literacy challenges] [Electronic resource] Available at: <https://cutt.ly/yhjQcvC> (Accessed: 02.11.2020). [in Russian]
7. Sostavlenie sinkveina s primerami [Making a cinquain with examples] [Electronic resource] Available at: <http://lewe.ru/sostavlenie-sinkvejna-s-primerami/> (Accessed: 02.11.2020). [in Russian]

Г. Отелбай

Евразийский национальный университет им. Л.Н Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Виды текстов для чтения и методы разработки заданий для их усвоения

Аннотация. В статье рассказывается о подборе текстов для чтения в зависимости от языкового уровня обучающихся. Обсуждаются учебные материалы не только в виде текста, но и в виде диалогов, таблиц, графики, схем, диаграмм и стихотворений. Для того чтобы разработать задания к объемным текстам важно разделить их на абзацы. Предлагаются несколько видов вопросов для текста и их классификация по языковым уровням студентов. Рассматриваются простые формы вопросов и тестовых заданий, а также метод синквейна с целью сохранения культуры языка и мотивации обучающихся.

Ключевые слова: чтение текста, виды заданий, тест, метод синквейна, разработка, языковой уровень, диалог, стихотворение, графика.

G. Otelbay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Types of texts to be read and methods for developing task to assimilate them

Abstract. The article describes the selection of texts for reading, depending on the language level of students. Study materials are discussed not only in the form of text, but also in the form of dialogues, tables, graphs, diagrams, diagrams and a version of a poem. In order to develop tasks for voluminous texts, attention is paid to the importance of dividing them into paragraphs. Several types of questions for the text are proposed and

their classification according to the language levels of students. Simple forms of questions and test tasks are considered, as well as the syncwine method for the purpose of preserving the culture of the language and motivating students.

Keywords: read text, reading, types of assignments, test, syncwine method, development, language level, dialogue, poem, graphics.

Автор жайлы мәлімет:

Өтелбай Гүлбайра – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Otelbay Gulbaira – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.